


№19 ЖОББМ мектебіндегі «Психология апталығы»

Психологиялық қызмет 2021-2022 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес сәуір айының 18-і мен 22-і аралығында 1-11 сыныптар арасында «Психология апталығы» өткізілді.

Сәуірдің 18 күні 5-11 сынып оқушылары арасында «Мектепте маған не ұнайды?» атты блиц-сауалнамасы өткізілді. Оқушылар бланкілерді толтырып, мектепте не ұнайтынын жазды.



Сәуірдің 19-ы 2-сынып оқушылары үшін «Игі істер қоржыны» акциясы өтті. Оқушылар өздерінің жасаған игі істерін стикерлерге жазып қоржынға салды.



7-8 сынып оқушылары «Мейірімділік-бұл...» психологиялық тематика бойынша газеттер дайындады.



Сәуірдің 20 күні 3 - сынып оқушылары арасында «Тілектер қоршауы» атты акциясы өтті. Оқушылар сыныптастарымен педагогтерге арнап тілектер жазды.



8 - сынып оқушыларымен мектеп психологі О.А. Маймескулова «Менің болашағым менің қолымда» атты тренинг өткізді.



Сәуірдің 21-і мектеп мұғалімдеріне арналған «Мы это много Я» атты сауалнама өткізілді. Күні бойы қызметкерлер түрлі-түсті түймедақты толтырды («Менің сүйікті түсім...», «Менің сүйікті тағамым...», «Мені не шабыттандырады...», «Сіз барғыңыз келетін ел...», «Менің өмірімдегі ұраным...», «Менің арманым...», «Менің ең жақсы қасиетім...»). Бұл акция бір-біріміз туралы көп нәрсе білуге, жақындай түсуге, ұжымды біріктіруге, басқа адамдарға деген қызығушылықты дамытуға көмектесті.



4 - сынып оқушыларының арасында мектеп психологі Р. С. Абдуалиева кроссвордтар сайысын өткізді. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды.



7 - сынып оқушылары «Із кескіш» ойынына қатысты. Бірінші үзілісте қатысушылар (7-сынып оқушылары) мектеп туралы, оның тарихы, дәстүрлері, мұғалімдер мен мектеп қызметкерлеріне қатысты сұрақтар тізімімен бланктер берілді. Психолог тапсырманы орындауға берілген уақытты белгілейді және ойынның шарттарын түсіндіреді:

- команда мүшелері арасында тапсырмаларды тарататын және жұмысты басқаратын капитандарды таңдайды;
- сынып жетекшісі көмектеспейді;
- жауаптар жобалау бойынша емес, нақты болуы керек;

22-ші сәуірде мектеп оқушыларына арналған «Белсенділік сандықшасы» акциясы өтті.



Апта бойы психолог Д. Т. Кенжебаева 5-6 сынып оқушылары арасында сынып ұжымдарын біріктіру мақсатында «Мен және менің достарым» атты тренингтер өткізді.



1-4 сынып оқушылары 18-22 сәуір аралығында «Көңіл-күй кемпірқосағы» бланктерін толтырды, оқушылар өз көңіл-күйлерін түрлі-түсті бояулармен бояды.



Бір апта бойы 9 - сынып оқушылары арасында «Емтихан алдында оң көзқарасты дамыту» үшін психологиялық әңгімелелер өткізілді.



10 - сынып оқушылары үшін әлеуметтік педагогтер Ы.С.Жумабаева және О. Ф Цветкова «Абырой мен ар-намыс» атты психологиялық сағат өткізді.



Сәуірдің 22-і күні мектептің психологиялық қызметі «Психология апталығы» туралы пікірлер мен ұсыныстар жинады.



№ 19 ЖОББМ психологиялық қызметі.